

**"Атаулы күндер мен мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшерін бекіту туралы" 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 152 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 268 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 07 желтоқсанда № 4627 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 105 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 105 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 152 "Атаулы күндер мен мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3862 тіркелген, 2014 жылғы 8 мамырында аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі атауында "бекіту" сөзі "белгілеу" сөзімен ауыстырылсын;

қосымшасындағы оныншы абзац алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:  
И. Акжанов*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы:  
А. Ермағамбет*